

Денисов ауданы бойынша 2014 жылға өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 123 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 маусымда № 4792 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денисов ауданы бойынша өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін:

1) жазғы дәнді (бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық) 2014 жылғы 15 мамырдан 5 маусымға дейін;

2) дәнді бұршақты (аңқа, асбұршақ) 2014 жылғы 20 мамырдан 5 маусымға дейін;

3) майлы дақылдарды (рапс, күнбағыс, зығыр, арыш, мақсары, қыша) 2014 жылғы 15 мамырдан 30 мамырға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Т. Б. Рамзановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 15 мамырдан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Е. Жаманов